

## Ақсу қаласы Достық селолық округінің Достық ауылы аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### ***Күшін жойған***

Павлодар облысы Ақсу қаласы Достық селолық округі әкімінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 11 қазандағы № 1-03/02 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 30 қазанда № 5654 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақсу қаласы Достық селолық округі әкімінің 2018 жылғы 28 қарашадағы № 1-03/09 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақсу қаласы Достық селолық округі әкімінің 28.11.2018 № 1-03/09 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабы 7) тармақшасына сәйкес, Достық селолық округі әкімінің міндетін атқаруши **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақсу қаласы Достық селолық округінің Достық ауылы аумағында ірі қара малдың бруцеллез ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрлігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитетінің Ақсу қалалық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша), "Ақсу қаласының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша), "Ақсу қалалық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) осы шешімнен туындастын қажетті шараларды қабылдау ұсынылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.  
4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнін кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

*Достық селолық округі әкімінің*

*міндеттін атқаруши*

*"КЕЛІСІЛДІ"*

*"Қазақстан Республикасы*

*Ауылшаруашылығы министрлігінің*

*ветеринариялық бақылау және қадағалау*

*Комитетінің Ақсу қалалық аумақтық*

*P. Жаксылыков*

*инспекциясы" мемлекеттік  
мекемесінің басшысы  
2017 жылғы "11" қазан  
"КЕЛІСІЛДІ"  
"Ақсу қаласының  
ветеринария бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің басшысы  
2017 жылғы "11" қазан  
"КЕЛІСІЛДІ"  
"Ақсу қалалық қоғамдық  
денсаулық сақтау басқармасы"  
республикалық мемлекеттік  
мекемесінің басшысы  
2017 жылғы "11" қазан*

*Г. Батаев*

*K. Амренов*

*A. Жалелов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК